

**Ақтөбе қалалық білім бөлімі
№27 «Айгөлек» балабақшасы**



«Менің Отаным-Қазақстан!»

«Таңшолпан» мектепалды даярлық тобы

Тәрбиеші: Ауезова С.Х.

2023-2024 оқу жылы

Тақырыбы: «Менің Отаным-Қазақстан»

Мақсаты: 16 желтоқсан тәуелсіздік күні екені туралы түсінік беру. Қазақстан республикасының мемлекеттік рәміздерін қастерлеуге, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыруға тәрбиелеу.

Бүлдіршіндердің Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

Ресурстар: Тәуелсіздік ескерткішінің суреттері, Қазақстан республикасының мемлекеттік рәміздері суреттері, Елбасы: Н.Назарбаевтың, Қасымжомарт Тоқаевтың суреті.

Ұйымдастыру кезеңі:

Амандасу үлкенмен

Тәрбиенің басы ғой

Ал, қанекей бәріміз

Сәлем дейік үлкенге

Сәлеметсіздерме

Тәрбиеші: бәріміз орнымыздан тұрып қолымызды жүрек тұсына қойып әнұранымыз айтайық. «Менің Қазақстаным!»

Қазақстан республикасының мемлекеттік әнұраны орындалады.

Тәрбиеші: -Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: -Қыс мезгілі.

Тәрбиеші: -Қыс мезгілінде неше ай бар?

Балалар: - Желтоқсан, қаңтар, ақпан

Тәрбиеші: Балалар біз қай мемлекетте тұрамыз?

Балалар: --Қазақстанда.

Тәрбиеші: -Біз қай тілде сөйлейміз?

Балалар: -қазақ тілінде.

Дұрыс айтасындар. Ерте кезде біздің елімізді билер, сұлтандар басқарған, біздің еліміз ресеймен бірге болған, ресей президенті басқарған. Ал, қазір өзіміздің елбасымыз басқарады.

Тәрбиеші: Балалар сендер білесіндер ме біздің елбасымыз кім?

Балалар: --Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаев

Тәрбиеші: -Ал тұңғыш елбасымыз кім болған?

Балалар: Н.Ә. Назарбаев.

- Қазақстанның елордасы қай қала? **Балалар:** Астана қаласы.

Қазір мен сендерге Желтоқсан оқиғасы туралы қысқаша айтып беремін

- 1986 жылы Желтоқсан оқиғасында Қайрат Рысқұлбеков, Ербол Сыпатаев, Ләззат Асанова сынды қазақтың, батыр аға-апаларымыз құрбан болды. Содан бері қанша жыл өтсе де бұл азаматтарды ұмытпай әр жыл сайын басымызды иіп еске аламыз. Өздері өмірлерін қиса да, арттарында өшпес із қалдырды. Бүгінде олардың арман тілектері орындалды. Олардың Тәуелсіздік жолындағы ерлігі, қайсарлығы біз үшін өнеге болмақ. Қазір біздің еліміз тыныш, бейбітшілікте өмір сүріп жатыр. 1991 жыл 16 желтоқсан әлем картасында жаңа жас Қазақстан Республикасы пайда болды. Қазақ елі егемендікке қол жеткізіп, өз